

Балқаш қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 қазандағы № 46/02 "Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 26/20 қаулысы

Қазақстан Республикасының Экология Кодексіне және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ "Құқықтық актілер туралы" Заңының 24-бабының 3-тармағын басшылыққа ала отырып Балқаш қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 қазандағы № 46/02 "Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидасын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде № 172684 болып тіркелді) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

осы қаулыға қосымшаға сәйкес № 1 қосымша қазақ тілінде жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Темирхан Айдарханович Айдархановқа жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі

С. Сатаев

Балқаш қаласы әкімдігінің
2023 жылғы "08" маусым
№ 26/20 қаулысына қосымша

Тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің түрлері

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер

6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м ²
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²

28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК